ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 қаңтар №4360-25-00-2/27 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Айым» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жазира Асқарқызы Тұңғышбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айым» жеке кәсіпкеріатынан әрекет етуші Жазира Асқарқызы Тұңғышбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Айым» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жазира Асқарқызы Тұңғышбаевадан мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 2 319

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 28.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 12.03.2025
4360-24-3-1/3847

(екі мың үш жүз он тоғыз) теңге және 1916 (бір мың тоғыз жүз он алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А. Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс

Тораға Б.Е.Елшібеков

Анықтама:

Шешім заңды күшіне енді «12» наурыз 2025 жылы.

Тораға Б.Е.Елшібеков

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 12.03.2025

4360-24-3-1/3847